



ISSN 2078-8134

Ғылыми және көркем-әдеби журнал

Жеруен

6 (51) 2016



АХМЕТ ЯССАУИ ІЛІМІ МЕН БУДДИЗМ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Адамзат баласының философиялық, теологиялық, көрнекті көркем ойлары ықылым замандардан бастау алып жатқандығы белгілі. Әсіресе жаратылыстың болмысы, адам өмірдің мәні, Ұлы жаратушыға деген сүйіспеншілік, құлшылық амалдары, ізгілікті іс-әрекеттері, тіршіліктің бастау негіздері хақындағы ой-пікірлер, қағидалар мен ұстанымдар жалпы әлемге танымал діндер мен оның басты өкілдерінің есіміне байланысты болып келетінін жоққа шығара алмаймыз. Дәуірлер туғызған жасампаздық ілімдер мағыналық, формалық жағынан бір біріне туыстас, жақын болып келетіні тағы бар. Сондықтан да ізгілік ілімдерде рухани сабақтастық жоқ дей алмаймыз.

Буддизм – біздің дәуірімізден бұрынғы VI ғасырда Үнді жерінде қалыптасқан әлемдік діндердің бірі. Буддизмнің пайда болуы мен кең таралуы Сиддхартхи Гаутаманың, яғни Шакьямунидің есіммімен, қайраткерлігімен тікелей байланысты екендігі белгілі. Шаки (сақтар) тайпасында туып-өскен Гаутама ерте есейіп, дүниенің сыры, өмірдің мәні, адам тағдырының мәселелері жайында толғана бастайды. Айналадағы өмір-тіршіліктің қызғылықты сәттерінен гөрі қиыншылықтың мол екендігіне көз жеткізеді. Ол – адам неге азап шегуші? – деген діни-философиялық сұрақтың төңірегінде көп ойланады. «В поисках ответа на свои мучительные размышления Гаутама сначала обращается к их учениям, становится аскетом и много лет проводит в джунглях Урувелы. Однако и здесь он не приходит к искомой Истине. Лишь в возрасте около сорока лет Гаутама обретает просветление. И все последующие сорок или сорок пять лет своей жизни Будда посвящает их обнародованию» [1, 5].

Будда өзінің ақиқатты іздеуге қатысты IV принципінің ең соңғысын «Азат ету жолы» деп атайды. Ең әуелгі азаптанушылық – дуккха, онан кейінгі жалған қалаушылдық – авидья мен сансара және үшінші саты жалған қалаушылдықтан туатын барлық азаптың соңғы болатын нирванадан өткен адам өзін осы өмірдің азабынан толық құтқарады деп уағыздайды. «Наконец, четвертая благородная истина указывает путь, ведущий к освобождению. Он называет «восьмеричным» и сводится к ряду жизненных принципов, среди которых чистота помыслов, чистота речи, ахимса – ненасилие по отношению к любым существам. Этот путь к прекращению страдания (магга) еще называется срединным путем, ибо позволяет избежать двух крайностей: потакания чувственным удовольствиям и истязанию плоти» [1, 5, 6].

Будданың Ақиқатқа жетер сегіз сатысы өзіне тән III аспектіні бұлжытпай қарастыруды талап етеді. Олар: адамгершілік мінез-құлықтар (шила), ақылдың тәртібі (самаджи) және данышпандылық (праджня) Будда осы негізде барлық өмір-тіршіліктің басы, соның қуат көзі болып табылатын дхармалық ілімді уағыздайды. Будданың сегіз сатысы мыналарды құрайды: данышпандыққа тән өлшемдер дұрыс түсіну (самма диттхи), дұрыс бағдарлау болса, адамгершілік мінез-құлықтарға дұрыс сөз (самма вача), дұрыс әрекет (самма камманта), дұрыс өмірдің салты (самма аджива) және ақылдың тәртібіне дұрыс талпыныс (самма вьямана), дұрыс ойлау (самма сати), дұрыс мензеу (самма самадхи).

Буддизмнің екі бұтағы - хинаяна және махаяна адамның тұрмыстық болмысына байланысты мәселеге келгенде екі түрлі принципті ұстанады. Біріншісінде нирванаға жеткен идеал архат – адам сол кеңістіктен қайтып оралмайтын болса, екіншісі бойынша, идеал бодхисаттва - адам нирванадан қайтіп жерге оралып, адамдарға көмектеседі деп сендіреді.

X-XII ғасырларда Қазақ даласында өмір сүрген Әбу

Нәсір Әл-Фараби, Аббас Жауһари, Махмуд Қашғари, Жүсіп Баласағұн қатарлы ақыл ой иелері адамзаттық өркениетке зор үлес қосты. Осылармен қатар ислам дінін уағыздап, қайырымдылық пен ізгілікке, татулық пен рухани тазалыққа үндеген өзінің сопылық ілімін насихаттаған Қожа Ахмет Яссауидің орны айырықша болды. Оны Шейх Ахмед Яссауи деп те атаған. Ол өзінің 149 хикметінің бірінде тегі жайлы былай дейді:

Исхақ баба жұрыны, шейх Ибраһим құлыны,

Машайықтар ұлығы – шейхым Ахмет Яссауи [2, 255].

Қожа Ахмет Яссауи өмірі туралы толық дерек жоқтың қасы. Ел ауызындағы аңыз бойынша 63 жасқа келгенде өзіне қылуат қаздырып, сонда тіршілік кешеді. Онда ғұлама он жылдай тұрып, өзінің атақты «Хикметтерін» жазады. «Хикметтің» түп нұсқасы сақталмаған. Біздің заманымызға жеткені көшірмелері ғана. Олар Стамбулда, Ташкентте, Мәскеуде, Алматыда сақтаулы. Ең ескі нұсқасы XV ғасырда араб әрпімен көшірілген туындысы. Өткен ғасырдың басында аталмыш «Хикметтер» Қазанда, Стамбулда, Ташкентте басылып шығады. Солардың ішіндегі көлемдісі Қазан нұсқасы болып табылады. Онда 149 хикмет, яғни Даналық сөздер топтастырылған. Хикметтің әр түрлі нұсқаларын салыстыра зерттеген ғалымдар шығарманың әу басында түркі тілінің қыпшақ диалектінде жазылғанын айғақтап отыр. Оған шығарманың әдеби-көркем тіл кестесі дәлел бола алады. Негізінен көшпелі өмір салтын ұстаған далалықтардың тілдік лексикасына жақынырақ келеді. Онда қолданылған құс пен жан-жануарлар атаулары көшпелі өмірдің бейнесін береді. Адам - мұсылманның жан дүниесі, ішкі сыры, арман-мақсаты, өкініш-күйініші, асқақ мұраты көркем тілде әдеби өлең өрнегімен тізілген. Сол себепті де Яссауидің «Даналық кітабы» төл әдебиетіміздің басты қайнарларының бірі болып табылады. Данышпан Ахмет Яссауи «Диуани Хикметі» арқылы сопылық ілімнің негізін қалады. Оны «суфизм» не-

месе «тасаввуф» деп те атайды. Яссауидің көзқарасы бойынша шарифат - захир ілім болса, тассаввуф – батын ілімі екен. Бір сөзбен айтқанда, адамның құлшылық негізіндегі ішкі дүниенің халін зерттейді. Тассаввуф өз ішінен сүнни тасаввуф және фәлсафи тасаввуф деп бөлінеді. Түркілер әлемінде жазбаша да, ауызша да қатар таралған «Диуани Хикмет» сопылық ілімнің, дәлірек айтқанда, хал ілімінің мәнін ұғындыруға өлшеусіз қызмет атқарды – дейді Яссауитанушы Б. Қорғанбеков [3, 9].

Сопылық ілімнің басты қағидаты - Құдайға деген шексіз сүйіспеншілік. Ол адамды Ақиқатқа жетелейді. Құдайға деген адамның құлшылық күйіндегі ерекше халы немесе хәлі оның махаббатын айғақтайды. Ол белгілі бір сатылы жүйемен іске асырылады. Ол жүйені сопылық ілім төртке бөледі: шарифат, тариқат, мағрипат және хақиқат. Осы төртеуін меңгерген адам Құдайдың шын сүйіспеншілігіне бөленіп, өзін толық адам сезінеді, - деп түсіндіреді. Дүние ғаламдағы барлық зат, қозғалыс, болмыс тек Құдаймен байланысты болу керектігін айтады. Адамның түпкі мақсаты - Құдайды тану. Мұндай «арифтер» Құдаймен қарапайым адам арасындағы алтын көпірдей көрінеді. Сопылардың айтушы бойынша Құдайға деген шексіз сүйіспеншілік қана барлық пәледен құтқарады.

Яссауидің ілімі адам баласының бәрін бір анадан туғандай көруге, алаламауға, бөлмеуге шақырады. Расында, нағыз сопы адам өзгелерді діни нанымына, көзқарасына, нәсіліне қарап бөлмейді. Сондықтанда ол бір Хикметінде, кәбірде болса берме зарар,-дейді. Абайдың, адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, айтуының түп негізі осында жатқандай. Сопылық ілім принциптерінің басты ұстанымдары - кеңпейілділік пен кешірімшілдік. Сопылық ілімнің басты өлшемі – адамдардың Құдайға деген терең сенімі және зор сүйіспеншілікті туғызатын жанның кіршіксіз тазалығы. Оны «тариқат» деп атаған. Бұл жерде жан мен тәннің

үйлесімі шарт. Ол үшін үздіксіз жаттығу қажет. Оны «рия-зата» деп атаған. Мұндай жаттығу, жан мен тәнді үйлестіру буддизмдегі йогаға қатысты психотехникалық арсеналды меңзейді. Ол да қандай бір істің күшпен, зоракерлікпен атқарылуына қарсы. Ең әуелі ойдың, сонан кейін сөздің, соңында іс-әрекеттің тазалығы, үйлесімі адамды рухани биікке, яғни Құдайды тану деңгейіне дейін көтереді. Осындай принцип буддизм мен Яссауидің сопылық іліміне бірдей тән құбылыс. Буддизмдегі магга, яғни азаптың толастауы адам бойындағы сезімдік нәпсіні тыйуға қатысты болады. Нәпсіні тыйу – кемелдікке әкеліп қана қоймай, сопылар үшін ол Құдайды қуантатын амал. Екі дінде де нәпсісін құрықтап ұстаған әр бір адам Ақиқатты тануға, сабырға жеңдіруге болатындығын айтады. Бір сөзбен айтқанда нәпсіні тыю басты шарт. Қожа Ахмет Иассауи былай дейді:

Құл Қожа Ахмет, қырыққа кірдің нәпсінді тый,
Мұнда жылап, ақыретке есінді жи.

Иман – шарифат, мәні – тарихат,

Құдай деген хақтан үлес ал, достар [4, 43].

Немесе:

Отызда қу нәпсіні қойдым енді,

Рухтар отқа қақтап сойды мені [5, 656].

Яссауи «Хикметінде» адамды адастыратын жаман әдеттерге дүние құмарлық, ашқозділік, қызғаншақтық, ашуланшақтық, менмендік, көз бояушылық, қатыгездікті жатқызады. Ақиқатты білмеген – адам емес, – дейді Яссауи.

«Бисмилла» деп баян еттім хикмет айтып,

Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым, міне.

Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,

Мен «Дәптер сәни» сөзін аштым, міне.

Созді айттым кімдерге де етсе талап,

Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап.

Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,

Діні қатты халайықтан қаштым, міне.

Қайда жүрсен көңіл жұмсақ, сыпайы болғыл,
Махшар күні тәңірге жақын болғыл,
Менменсіген халайықтан қаштым, міне... [6, 10].

Яссауи осы хикметінде «жанды жалдаған, қайғы шеккен, қан жұтқан» азаптанушының бейнесін береді. Имансыз, санасыз, білімсіз жұрттан қашқандығын айтады. Ізгі, жомарт жүрек иесінің сөзін жеткізеді.

Ал Гаутама өзінің бір даналық сөздерінде былай депті: «Тот, кто не лишен зависти, тот и не достигнет добродетельности, самосовершенства, просвещенности». «Злые законы никогда не имели своих границ, а тот, кто алчен, зловен, недобродетелен, тот никогда и не освободится от зла», «Тот, кто живет истинно и постиг законы, тот и есть брахман. Тот радостен и счастлив». «Ничего нет в мире случайного и каждое явление, каждое вещь представляют для нас ценность», «Все преходяще в этом мире – и наша одежда, и наши башмаки, и наше тело, и наши страсти, и наши мысли», «Человек должен учиться тайнам жизни у самого себя, а не слепо верить в другие учения» [1, 40-44].

Гаутаманың даналық сөздерінің түпкі мәнін терең түсініп саралайтын болсақ, оның пәлсапалық ой қортындылары, мағыналық негіздері Яссауи ілімімен бір төркіндікте жатқанын аңғару аса қиын емес. Екі даншыпан да ізгіліктің жаршысы, Жаратушының құлы. Қос ғұламаның өмірлік мақсұттары – адам баласын рухани биікке көтеру, ең ізгі қасиеттердің жер бетінде салтанат құруына деген іңкәр құштарлық. Яссауи өз ілімін түркі-қыпшақтардың әдеби-мәдени ойлау жүйесіне жақын келетін өлең-арзу тілінде жеткізуді ең тиімді тәсіл деп тапса керек. Айнұр Әбдірәсілқызы былай дейді: «Өзі қалыптастырған тариқат арқылы көне түркілік дүниетаным мен ислам құндылықтарын кіріктіре білген Яссауи өз хикметтерінде де қос менталитет ерекшеліктерін аастастыра отырып, көркемдік құрал ретінде қолданып отырған» [7, 103].

Яссауи – жүрек пен махаббат қасиетіне тоқтала отырып, адам баласын жақсылыққа, ізгі қасиеттерге, білмекке, үйренбекке, ғайырлы амалдарға үндейді. Будда ілімі – сегіз сатылы жүйе арқылы нағыз брахман болудың қағидасын ұсынса, Яссауи ілімі, сопылық мектептің төрт катарын белгілеп, Ақиқатты танудың сара жолын нұсқайды.

Сопылық ілім махаббат пен болмыстың соңын көрсетеді. Махаббаттың өзі болмыс. Болмыс жер жүзі тек махаббат үшін жаралған. Жер жүзі Жаратушыны жақсы көріп болмысқа ие болады. Былайша айтқанда, адам барлық заттан Құдайды көру керек, себебі барлық затты Құдай жаратқан (8; 283). Яссауи ілім бүгінгі таңда да өміршең болып отыр. Әр түрлі діни көзқарастардың қақтығысы өршіп тұрған заманда қазақ даласына кең таралған дәстүрлі ілім мен дінді насихаттау – болашақ ұрпақтың рухани саулығы үшін қажет. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, егер қазақтардың рухани байлығы жазылса, Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметтері» оның бір бөлігі болып кіруге тиіс демекші, Құл Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың философиялық даналық ілімі, біздің рухани бай тарихымыздың ажырамас бөлшегі болып қала беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Колчигин С., Артемьев А. Буддизм. Религии в Казахстане. Часть 2. Хрестоматия. - Алматы: Бастау, 2011.
2. Ахмет Иассауи Диуани Хикмет. - Қазан., 1904.
3. Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметі» және қазақ фольклоры. - Алматы, 2011.
4. Ераслан К. Диуан-ы Хикметтен үзінді. – Анкара: Заман.
5. Қожа Ахмет Иссауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998.
6. Қожа Ахмет Иссауи. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998.

7. Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Яссауидің ақындық әлемі. – Алматы, 2007.

8. Алтаев Ж. Ортағасыр классикалық ислам философиясы (оқу құралы). – Алматы: Қазақ университеті, 2015.

Резюме

В научной статье анализируется суфийское учение Ахмета Яссауи и принципы буддизма в сравнительном освещении. Сравниваются универсальные духовно-нравственные и религиозно-философские мировоззрения двух религий.

Summary

The scientific article is devoted to the teachings of Sufi Ahmed Yassaui and Buddhist principles in comparative sanctification. The article compares the universal spiritual, moral, and religious and philosophical worldview of the two religions.

МУСАГУЛОВА Г.Ж. – кандидат искусствоведения, доцент, заведующая отделом музыковедения Института литературы и искусства им.М.О.Ауэзова, академик МАИН

БАШАЕВ Р. – магистрант кафедры «Эстрадный вокал» КазНАИ им.Т.Жургенова

КАЙСИДИ И.Г. – докторант кафедры «Искусство эстрады» КазНАИ им.Т.Жургенова

УРАЗАЛИЕВ Р.С. – Преподаватель духового отделения РССМШИ им.К.Байсеитовой, Лауреат многочисленных Государственных наград и автор учебно-методических пособий

ХИНКОВ-АЙТБАЕВА Н.Б. – магистр искусствоведения, научный сотрудник отдела музыкального искусства ИЛИ им.М.О.Ауэзова, Член союза композиторов РК

АНАНЬЕВА С.В. – Заведующая отделом аналитики и внешних литературных связи Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова

МЕТЛЯЕВА М. – научный сотрудник Института филологии Академии наук, Республики Молдова

ҚОРАБАЙ С.С. – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, профессор

ОРДА Г.Ж. – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 25 ЖЫЛ

Ақыш Н.Б. Тәуелсіздік дәрістері. Қазақ толеранттылығы басқа ұлттың көзімен	3
Ергалиева Р.А. О Государственных символах Республики Казахстан	10
Мұқан А. Қазақ театры мен драматургиясы: заман және уақыт	18

Әдебиеттану

Нысанбаев Ә. Мағжанның дүниетанымы және құндылықтар әлемі	33
Омарұлы Б. Әбіш Кекілбаевтың шығармашылық лабораториясы	49
Құлбарак С. М.Әуезов дәстүрі және З.Шүкіровтің «Сыр бойы» тарихи романы	61
Жүнісбеков Қ. Қайым Мұхамедхановтың Абай музейін ұйымдастырудағы рөлі	68
Авакова Р.А., Баят Е. Ахмет Яссауи ілімі мен буддизм қағидаларының үндестігі	78
Жақан Д.С. Есмағамбет Ысмайылов және фольклор	86

Өнертану

Күзембай С.Ә. Қорқыт атаның мұрасы – түркітілдес халықтардың рухани байлығы	97
Мусагулова Г.Ж., Башаев Р. Отечественная эстрада в контексте деятельности Ассамблеи народа Казахстана	109
Кайсиди И.Г., Мусагулова Г.Ж. Эстрадное искусство Казахстана на современном этапе: к проблеме изучения теории и методологии	121